

Демалыс күндерін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 ақпан N 282

Халықаралық әйелдер күнін, наурыз мейрамын мерекелеуге байланысты және қызметкерлердің демалуына қолайлы жағдай жасау және 2001 жылдың наурызындағы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Мына демалыс күндері: 2001 жылғы 11 наурыз - жексенбі күнінен 9

наурыз - жұма күніне және 25 наурыз - жексенбі күнінен 23 наурыз - жұма күніне ауыстырылсын.

2. Қажетті өнімдерді шығару үшін, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ комитеттерімен келісім бойынша жұмысын 2001 жылғы 9 және 23 наурызда жүргізу құқығы берілсін.

Көрсетілген күндердегі жұмыс қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес өтеледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.